

Біріктіруші машина тігістерін тігіп үйрету (жапсырып тігу, ақжайма тігістер)

Карагаева Галия Акимбаевна

ШҚО ББ "Өскемен қызмет көрсету саласы колледжі" КММ
оқу-өндірістік шебері

Сабақ мақсаты:

Білімділік: Біріктіруші машина тігістерін оқушыларға тігіп үйрету барысында практикалық дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық: Оқушыларды өндірістік жұмыс орнында теориядан алған білімдерін дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыларды жұмыс барысында төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың материалдық жабдықталуы: Бор, сызғыш, күнделік, тігін машиналары, үтік.

Сабақ түрі: Аралас.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі – 5-6 мин.

1. Оқушылармен амандасу.

2. Жоқ оқушыларды белгілеу.

3. Жұмыс орындарының сабаққа дайындығын тексеру.

II. Кіріспе нұсқау:

1. Машинамен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережесі?

2. Машина тігістердің түрлері?

3. Біріктіруші тігістің түрлері?

4. Сырып тігу неше түрі бар?

5. Айыра тігу тігісінің қолданылуы?

6. Бастыра тігу неше түрі бар?

7. Бастыра тігу тігісінің қолданылуы?

8. Тігістердің сапасы қандай техникалық шарттарды сақтауы тиіс?

9. Тігістің басында және соңында не қойылады?

10. Бекітпе ұзындығы және не үшін қажет?

Сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлау: Біріктіруші машина тігістерін тігіп үйрету (жапсырып тігу, ақжайма тігістер).

• Техника қауіпсіздігінің ережесі:

* Машина жасау кезінде келесі техникалық шарттар сақталуы керек: 1. Машинаның тігістері түзу және тегіс болу керек.

* 2. Жіптер матаның түріне сәйкес болу керек.

* 3. Жіптер, машинаның инелері және тігістер стандарттарға сәйкес келуі керек.

* 4. Әрлеу тігістер жібек немесе синтетикалық жіптермен орындалады.

* 5. Тігістің аяғында ,бекіту тігіс беріледі 7-10 мм.

* 6. Әрлеу тігістің аяғында ,бекіту тігіс беріледі 5 - 10 мм.

Жаңа материалды баяндау: Киімді дайындағанда, бөлшекті біріктіргенде және шетін өндегенде, сонымен қатар бұйымды сәндегенде жіппен тігу

қолданылады. Сыртқы көрінісі мен конструкциясына қарай жіппен тігу әр түрлі. Олардың конструкциясы бөлшектің және тігіс қатарының жайласуына, тігісте берілген қосымша мөлшеріне қарай анықталады. Жіппен тігу конструкциясы мен қолданылуына байланысты біріктіруші, жиектік және безендіргіш тігістерге бөлінеді.

Жапсырмалы тігіс

Жапсырмалы тігістің екі түрі болады: ашық қиықты және жабық қиықты.

Ашық қиықты жапсырма тігісі біріккен тігістің ең қарапайым түрі. Ол сырып тігетін немесе ирек тігісті машинада орындалып, БЖӨ талап етпейді. Сәндік материалды және бөлшек бөліктеін біріктіргенде қолданылады, тігіс ені – 10 мм. Жабық қиықты жапсырма тігісі көбіне әйел көйлектерін дайындағанда және балалар киімінде – жапсырма қалтаны, фигуралы иініште және қаттаманы негізгі бөлшекпен біріктіргенде қолданылады.

Ашық қиықты жағдайда бөлшектерді біріне бірін қиықтарымен 0,5 – 2 см кіргізіп, түзу немесе ирек тігіспен басытырып тігеді.

Жабық қиығымен бөлшектің қиығын қайтарып бүктеп, қажетті енге қайырып үтіктеп, белгіленген сызық бойынша жапсыпыр көктейді және жапсырып тігеді. Тігіс ені үлгіге байланысты.




Ақжайма тігісі.

Ақжайма тігісі іш киімдерде, ерлер жейдесін, спорттық және арнайы киімдерді өндеуде қолданылады. Ақжайма тігісі басқа тігістерге қарағанда шыдамдылығы жоғарғы болуы қажет. Себебі бұл бұйым көпжуылады.

Бұл талапқа қосарланған, қапсырма, бүктеме тігістері сай келеді.


Қосарланған тігісте бөлшектердің теріс бетін ішіне қаратып, бірінші тігісті оң бетінен жүргізеді., тігіс ені – 3 – мм.

Екінші тігісті бөлшектің



теріс бетінен орындайды, тігіс ені – 5 – 7 мм. Қосарланған тігіс төсек ақжаймаларын және жазғы бешпент пен жакет дайындағанда қолданылады.

Бүктеме тігісі ер және әйел іш киімдерін, жұмысшы халаты, куртка, комбинезон және т.б. бұйымдар дайындағанда қолданылады. Бұл тігіс еңсіз және енді болады. Көбінесе еңсіз бүктеме тігістері қолданылады, себебі тиімді және орындауы оңайырақ. Бұл тігістің дайын күйіндегі ені матаның қалыңдығына байланысты – 4 – 6 мм, жоғарғы матаға берілетін қосымша тігіс ені – 4 – 6 мм, төменгі матаға – 9 – 14 мм. Бүктеме тігісінде сәндік тігіс төменгі матаның қайырылған жиегінен 1 мм, арақашықтықта жүргізіледі.



Қапсырма тігіс ақжайма тігісіндегі орындауы жеңілі, оны екі инелі машинада, арнайы тетіктің көмегімен орындайды. Қапсырма тігісінің дайын күйінде ені ақжаймада – 6 – 7 мм, әрбір бөлшекте тігіске берілетін қосымша – 12 -14 мм.

Тігістердің сапасы мынадай техникалық шарттарды сақтауы тиіс: тігістің енін, инешаншым санын және олардың арақашықтығын, инешамшымда жиілігін, олардың тігімдегі керілгіштігін, жіптер мен инелердің номерлерін.

Тігісті орындау ережелері:

1. Тігісті машинамен тігер алдында көктеп немесе түйреуішпен бірнеше жерден іліп қою қажет;
2. Созылмайтын немесе бөлшектерді жылжымайтын жағынан тігу керек, яғни арқау негізгі жібіне қарап;
3. Бұйым бөлшектері иненің сол жағында орналасуы қажет;
4. Тіккен кезде бөлшек қиықтарын теңестіріп, тігіс ені бірдей болуы керек;
5. Тігіс түзу, бірдей пішім сызығымен өтуі қажет;
6. Тігістің басы мен соңында 0,7 см ұзындықта бекіту керек. Бұл тігісті сөгілуден сақтайды;
7. Көктеген қиықтарды одан 1 мм аралығында тігіске қарай тігеді:

Жаңа тақырыпты игеру байланысты еңбек тәсілдерін көрсету:

Біріктіруші тігістердің жапсырып тігу ашық және жабық қиығымен, ақжаймалы тігістердің тігілу әдістерін көрсету.

Еңбек тәсілдерін көрсеткенде оқушылар назарын аудару:

Тігістердің тізу тігілуіне назар аудару. Тігістердің ендері бірдей болуына назар аудару. Машинамен тіккен кезде қолдың дұрыс орналасуына назар аудару.

Кіріспе нұсқаудың жаңа материалы бойынша білімдерін пысықтау:

1. Біріктіруші тігістердің түрлері?
2. Жапсырып тігу тігісі?
3. Жапсырма тігістің қолданылуы?
4. Ақжаймалы тігістердің түрлері?
5. Ақжаймалы тігістердің қолданылуы?
6. Тігістердің сапасы қандай техникалық шарттарды сақтауы тиіс?
7. Тігістің басында және соңында не қойылады?
8. Бекітпе ұзындығы және не үшін қажет?

III. Жаттығулар мен оқушылардың өз бетімен жұмыстандыру:

Оқушылар өз беттерімен біріктіруші тігістерді орындайды.

Мақсатты тексерулер:

- Жұмыстың өз уақытында басталуын, жұмыстың ұйымдастырылуын тексеру;
- Еңбек тәсілдерінің дұрыс орындалуын, орындалған операцияларға бақылау жүргізе білуін тексеру;
- Қажетті жағдайға жекелеген оқушыларға көмек көрсету;
- Жұмысты тексеру, орындау сапасын бағалау, баға қою.

IV. Соңғы нұсқау: 25 мин.

- Қорытынды
 - Не үйрендік? Не білдік? Не білгіміз келеді?
1. Өндірістік оқыту сабағын қорытындылау. Бүгінгі сабақта оқушылар машина тігісі біріктіруші тігісті тігіп үйренді.
 2. Оқушылардың жеке бағаларын хабарлау.
 3. Үй жұмысын тапсыру.
 4. Жұмыс орындарын және шеберхананы жинау.